

«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Тараз қаласы

28.11.2025 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Иржанова Г.Ж., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Ернишев К.А., Садыбаев А.К., Сейтқасым А.М., Ултанбаев А.Б., Маткурбанова Ж.Д., Жанқуанышев М.Қ., Мамыш Д.Д., Төлегенова Д.М., Кабиева А.К., Юнусова Р.Б., Мамбетова А.С., Сарикова А.Б., Айтбаева Р.Б., Демеуова Г.Б., Альпенова А.Б., Таджикибаева Ж.С., Әлімбекова А.Ү., Карашолахова Г.А.

Қатыспағандар: Алимбаева С.К., Турарова А.Н., Кабдушев А.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Даму Бағдарламасын актуализациялау нәтижелері және №4 қосымша бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы.
- 2.ӘБП (АУП) Крі карталары бойынша жылдық жоспардың орындалу деңгейі және bpms.dulaty.kz платформасының жұмысы туралы.
- 3.Білім алушылардың, ОПҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесін анықтау сауалнамасының нәтижелері туралы.
- 4.Әр түрлі мәселелер:
 - 4.1.Жастармен жұмыс бөлімі ережелерін талдау және бекіту туралы.
 - 4.2. «Дулати жастары» студенттік халық театрының ережесін талқылау және бекіту туралы.
 - 4.3. Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша сараптау комиссиясын құру, құрамын бекіту туралы.
 - 4.4. Кешенді ішкі аудит бағдарламасын талқылау және бекітуге ұсыну туралы.
 - 4.5. СМЖ құжаттарын кодтау жүйесіне байланысты СТУ 02 стандартына өзгеріс ендіру туралы.

Тыңдалды.

1.1-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жанқуанышев М.Қ. сөз алды.

Назарларыңызға ұсынылып отырған Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәліметтермен таныстырып өтейін. Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша осы күнге дейін айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. 08.10.2025ж. Даму бағдарламасының №4 қосымшасының орындалуы бойынша семинар кездесу өтті. Семинарға академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени, стратегиялық және басқа да бағыттардың директорлары мен бөлім басшылары қатысты. Кездесу барысында Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша Дулати университетінің ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсынылатын жылдық есеп, мониторинг және көрсеткіштерді актуализациялау мәселелері де талқыланды. Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша Дулати университетінің 2025 календарлық жылына орындалуы тиіс 45 индикатор туралы баяндалып, әр жауапты тұлға мен құрылым басшыларымен тиісті индикаторлар төңірегінде мәселелер қозғалып талқыланды. Қазіргі таңда 2025 жылға арналған Даму бағдарламасының №4 қосымшасының 3 индикаторы көзделген көрсеткішіне жеткен жоқ, ал қалған 42 индикатор орындалды. Орта есеппен Даму бағдарламасының №4 қосымшасының 93% орындалды. Орындалмаған көрсеткіштер:

- 1) QS-WUR рейтингіндегі жоғары оқу орнының позициясы;
- 2) Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ саны (коэффициентке сәйкес)
- 3) Мемлекеттік тілде қорғалған докторлық диссертациялардың (PhD)үлесі.

Олардың себептері:

1) QS-WUR рейтингіндегі жоғары оқу орнының позициясынан шығып қалуымыз - Дулати университеті ғылыми мақалалардың аздығы.

2) Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ санының азайып кетуіне байланысты.

3) Мемлекеттік тілде қорғалған диссертациялар санының аздығы.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл жерде тағы бір нәрсе қосып айтып кетейін. Естеріңізде болса, барлығымыз сол семинарда жиналып соңғы мәліметті талқылаған кезде, есебімізде мысалы жоспар бойынша көрсеткіш 18 болса, орындалуы іс жүзінде одан жоғары болды. Осы көрсеткіштерге факт бойынша түзетулер енгізуге министрлік тараптан рұқсат берілмеді. Оны тек өздеріңіздің жылдық есептеріңізде ғана нақты көрсетесіздер, ал №4 қосымашада жоспар бойынша қанша тұр, соны ғана көрсету міндеттелді. Яғни, артық орындалған көрсеткіштер бұл кестеге түскен жоқ.

Төрайым сөз алды: Бізге жыл сайын министрлік жаңа көрсеткіштер жолдайды. Келесі жылға тағы жібереді. Ол жерде академиялық, ғылыми блоктар бойынша өте маңызды критерийлер бар. Және кейбір көрсеткіштер қойылған талаптардың күрделілігіне орай біздің университетіміз сәйкес келмейді. Сондықтан оларды №4 қосымшаға енгізбедік.

Сонымен құрметті комитет мүшелері, сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар болса, айтсаңыздар. Басқа сұрақтарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» - жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

1. Дулати университетінің 2025-2029 жылға Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәлімет назарға алынсын.

2. Дулати университетінің 2025-2029 жылға Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәлімет басшылыққа алу үшін барлық ҚБ басшыларына жолдансын. Жауапты Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жанқуанышев М.Қ. Мерзімі – желтоқсан 2025ж.

1.2-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жанқуанышев М.Қ. сөз алды:

2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасына осы уақытқа дейін бірнеше кезеңмен төмендегі бағыттар бойынша актуализациялау жұмыстары төменде көрсетілген себептерге байланысты жүргізілді:

1) 2024ж. қараша-желтоқсан айлары - Дулати университетінің екі ЖОО-ға бөлінуіне орай;

2) 2025ж. қаңтар-наурыз айларында - Директорлар Кеңесіне бекітуге ұсыну барысында;

3) ҚР ҒЖБМ “Ұлттық рейтингі” модулі көрсеткіштері бойынша Ғылым департаментінің ұсыныстарына орай;

4) 2025ж. мамыр-маусым айлары - ДК мүшелері мен Басқарма Төрағасы - Ректор М.Байжумановтың ұсыныстарына орай;

5) 2025ж. қыркүйек-қазан айлары - ЦАП индикаторларын қосу бойынша;

6) 2025ж. қазан айы - ЖОО-ны одан әрі трансформациялау жөніндегі "Жол Картасы" бойынша;

7) 2025ж. қараша айы - Проректор Л.Еркінбаеваның ұсыныстарына орай;

8) 2025ж. қараша айы - BES (best engineering schools) озық инженерлік мектептерін құру мен дамытудың “Жол картасы” көрсеткіштеріне орай. Сонымен қатар Даму бағдарламасының келесі бөлімдеріне өзгерістер енгізілді. Олар:

1) 3 бөлімде сыртқы және ағымдағы жағдайды талдау;

2) 5.1.1 Teaching Excellence міндеті-оқытушылық артықшылық (кемелдік);

3) 5.2.1-тапсырма әсер ету арқылы зерттеу-ғылыми зерттеулердің әсері-зерттеулердің әсері;

4) 5.2.2 researcher Development міндеті-зерттеушілерді дамыту;

5) 5.3.3-міндет университеттің инфрақұрылымын толық цифрландыру және дамыту;

6)5.3.4-міндет университеттің қаржылық тұрақтылығы;

7)5.4.1-міндет химиялық білім беруді жаңғырту және ғылыми кадрлық әлеуетті арттыру;

8)5.4.1-міндет химиялық білім беруді жаңғырту және ғылыми кадрлық әлеуетті арттыру;

9)5.4.2-Міндет Инновациялық мәдениетті және жеңіл өнеркәсіп технологияларын трансферттеу тетіктерін дамыту;

10) 5.4.3-міндет тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін дамыту;

11) 5.5.2-міндет гуманитарлық білім берудің мазмұны мен моделін жетілдіру;

12) 5.5.3-міндет жаратылыстану ғылымдарындағы зерттеулер.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық, Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Университет бойынша 2025-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының жобасы директорлар кеңесінің күн тәртібіне талқылап бекіту үшін ұсынылсын. Жауапты Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жанқуанышев М.Қ. Мерзімі – желтоқсан 2025ж.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманы Мамбетова А.С. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, бүгінгі сапа комитетінің кезекті мәжілісінде КРІ ӘБП (АУП) карталары бойынша жылдық жоспардың орындалу есебі және brms.dulaty.kz платформасының жұмысы туралы баяндаймын. Университетіміздің ішкі процестерін цифрландыру мақсатында қолданылатын brms.dulaty.kz платформасы қызметкерлеріміздің КРІ көрсеткіштерін енгізу және есеп беру процесін жеңілдетуге арналған. Алайда, соңғы талдаулар бойынша платформаның жұмысында бірнеше техникалық ақаулар анықталды, және бұл ақаулар есептердің сапасы мен толық енгізілуіне кедергі келтіруде.

Бірінші тоқталатын мәселе, КРІ ӘБП (АУП) карталары бойынша жылдық жоспардың орындалу деңгейі анықтау.

КРІ ӘБП (АУП) карталары бойынша жылдық жоспардың орындалу деңгейі 2024 жылы 91.75% құраса, 2025 жылы қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 79,82%-ды құрап отыр.

КРІ ӘБП (АУП) карталары толтырылуы бойынша алдын ала барлық құрылымдық бөлімдерге хабарланған болатын. Бұл жұмыс жыл соңына дейін әрі қарай жалғасатын болады.

Екінші мәселе, платформа жұмысындағы негізгі ақаулар мен олардың салдарын талдау.

Платформаны қолдану барысында 8 негізгі ақау табылды. Олар:

2024 жылғы есептердегі деректердің ауысуы - Кейбір қызметкерлердің 2024 жылғы КРІ есептерінде жүйе енгізілген деректерді автоматты түрде басқа көрсеткіштерге ауыстырған жағдайлар тіркелген. Мысалы, Ғылыми бөлімде жылдық көрсеткіш есебі төмен болғандықтан наразылық туындады. Төмен болуының себебі кейбір қызметкерлер жұмыстан шығуына байланысты және бір қызметкердің үлгермей толтырылмағаны үшін төмен нәтиже көрсетіліп, кейінірек көрсеткіштер ауысты.

502 Bad Gateway қатесі шығып тұруы - Nginx тарапынан анықталған 502 Bad Gateway қатесі сервердің PHP-FPM-пен байланыс орната алмауынан туындайды (нет доступа, нет сервера)

Тек бір құжат жүктеу мүмкіндігі - Платформа дәлелдеме материалдарын тек 1 файлмен ғана жүктеу қарастырылған. Бұл – бірнеше құжат талап ететін КРІ бөлімдері үшін қолайсыздық туғызуда.

Көлемді дәлелдеме құжатты енгізу мүмкін еместігі Платформаға үлкен көлемдегі құжат көшірілмейді. Бұл есептіліктің толық енгізілмеуіне және ақпараттың жоғалуына әкеледі.

Құжаттарға ашық қолжетімділіктің болуы – Порталда барлық пайдаланушылар бір-бірінің құжаттарын көріп, жүктей алатын жағдай байқалды.

Бұл қауіпсіздік талаптарына қайшы:

- Құпия ақпараттың таралу қаупі жоғары;
- Бөлім аралық құжаттардың бөтен тұлғаларға қолжетімді болуы;
 - Ақпараттық қауіпсіздік саясатының бұзылуы.

Басқармаларға бөлу, сүзгілеу және статистиканың болмауы - Порталда деректерді басқармалар бойынша бөлуге арналған сүзгілер, аналитикалық статистика және тиісті бағандар жоқ.

- әр басқарманың нәтижесін жеке талдау мүмкін емес;
- үлкен көлемдегі ақпаратты қолмен сұрыптауға мәжбүрлейді;
- аналитикалық есептерді дайындау күрделенеді.

KPI көрсеткіштерінде бүтін сандар мен “+ / –” таңбаларын енгізу мүмкін еместігі.

Жүйе сандық мәндерді (мысалы, 5, 10, 15) және оң/теріс көрсеткіштерді («+5», «-3») қабылдамайды. Әсері:

- нақты сандық көрсеткіштерді енгізу мүмкін емес;
- теріс динамиканы көрсетуге рұқсат берілмейді;
- деректер бұрмаланады;
- жүйе жоспар–факт есептерін автоматты түрде жүргізе алмайды;
- аналитикалық нәтижелер нақты болмайды.

brms.dulaty.kz платформасының ішкі мұқабасы мен көлемді бейнесі бір бетке сыймайды -кестені ығыстырып жинақы етіп бір бетке сыйдырмағандықтан картаның бейнесі толық көрінбейді.

Төлегенова Д.М. сөз алды: 2024 жылы ғылым бөлімінің кейбір мамандары KPI жүйесіне өздерінің материалдарын енгізе алмай қалды. Шолпан Алтынбековна, есіңізде болса, сізге қызметтік хат жазылған болатын. Жұмыстан шығып кеткен қызметкерге байланысты статистика түсіп кеткен. Соған байланысты бұл кісілер хат жазды, өзгертті бер деп. Біз өз бетімізден ештеңе өзгерткен жоқпыз.

Мамбетова А.С. сөз алды: Қызметтік хатқа дейін де, қызметтік хаттан кейін де кейбір сандар мен көрсеткіштер өзгертілді.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Біз қызметтік хатқа дейін өзгерткен себебіміз, Сейтжан Әуесжанович сізбен телефонмен сөйлесті де маған рұқсатын берді. Қызметтік хатты одан кейін жаза беріңдер деді. Сол бойынша өзгерттім. Негізі, бұл жерде өзгертетіндей, бір нәрсені 100 пайыз өзгертетіндей қатты мәселе көріп тұрғаным жоқ.

Төрайым сөз алды: Ондай өзгерістерді ресми рұқсатсыз жасауға болмайды. Барлығы жазбаша қызметтік хат негізінде болу қажет. Және оған негіз болуы тиіс.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Одан кейін төрт жүзден басталатын қателер жүйе қателігі, ал бес жүзден басталатындар сервердің қателігі. Сервер бізде Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығына қарайды. Сервер өшіп қалған кезде, кейбір кезде бізге ескерту жасайды, кейбір кезде жасамайды. Енді бұл сұрақтарға мен жауап бере алмаймын.

Төрайым сөз алды: Айнур ханым, Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығымен бірігіп қателерді түзетіңіздер. Сонымен қатар, Дина ханым енгізілетін файлдың көлемін ұлғайтуға болмай ма? Немесе бұл сұрақ бойынша да Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығына жүгіну қажет па?

Төлегенова Д.М. сөз алды: Ол бойынша да серверден бізге орын береді. Белгіленген көлем бойынша ғана енгізе аламыз. Менің әзірлеушілерімнің ешқайсысының серверге рұқсаты жоқ. Біз Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығына береміз олар ары қарай істейді.

Тасуов Б.Т. сөз алды: Бір файл деген болмайды ғой.

Төрайым сөз алды: ия, бір файл деген болмайды, бұл мәселені Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығымен бірлесіп жөндеңіздер.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Бұл мәселе бойынша өздеріңіз шешіп берсеңіздер, мысалы 5 файл болса да көлемі жетпей қалуы мүмкін. Сондықтан, өздеріңіз шектеу қойып берсеңіздер.

Тасуов Б.Т. сөз алды: Менің ойымша файлдың гигабайты мен килобайтына байланысты шектеу қою қажет.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Құжаттардың ашық қолжетімділігі бізде бар. Неге десеңіздер, бірінші жылы бізде былай болды. Біз неге жылдық жоспар тапсырмаларын саламыз деген сұрақтар болды. Мен ойлаймын, оларды басшы салу қажет. Өйткені тапсырманы беретін басшы ғой, қызметкер ештеңені өзгерте алмау керек. Басшылар барлық тапсырмаларын салу қажет. Қызметкер тек қана өзінің дәлел құжаттарын салу керек. Шолпан Алтынбековна, бұл жерде бір ақ нәрсе айталамын, brms.dulaty.kz платформасын бастаған кезде ешқандай техникалық спецификация берілген жоқ. Бұл мәселелердің барлығы содан шығып тұр деп ойлаймын. Нақты сіздер былай болу керек деген шектеу қоймағандықтан, өзіміздің білгенімізше жасап бердік. Одан кейін бұл ұсыныстарды берсеңіздер, біз қарастыруға дайынбыз.

Төрайым сөз алды: Жанали Еркінбекович, Айнур ханым ұсыныстарды рәсімдеп, ресми жолдаңыздар. Сонымен қатар тапсырмалар шын мәнінде толтырылған болуы қажет. Әр қызметкер өз жоспарын жеке енгізу керек, деген болмайды. Олар тек дәлел құжаттарын салу қажет.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Негізгі мәселелер, жоспар мен лауазымдық нұсқаулықтан шығып тұр. Бізде негізгі лауазымдық нұсқаулықтар дұрыс емес. Жоспарыңа қарайсың, лауазымдық нұсқаулығыңа қарап соған тиісті тапсырмалар берілу керек емес пе, негізгі басшы тарапынан. Ол процесс солай жүргізілу керек болған. Сондықтан, бізде осындай проблема туындап жатыр. Дианалитика жасап қойдық біз негізгі. Мүмкін жүйені дұрыс қолдану жағынан мәселелер болып жатқан шығар.

Төрайым сөз алды: Негізгі, осындай КРІ жүйесі лауазымдық нұсқаулықтарға өзгерістер алып келу тиіс. Яғни, лауазымдық нұсқаулықтарға ревизия аудит жүргізу керек.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Алдыңғы аптада ғана ректор бізге тапсырма берген болатын, лауазымдық нұсқаулықтарды жасанды интеллектпен тексеріп берсеңіздер деп. Яғни өзінің лауазымына сәйкес келе ма, жоқпа деп. Біз ол процесті бастадық, екі апта көлемінде біз сіздерге хабар береміз. Одан кейін плюс-минус деген жазылмайтынын айтсаңыздар, жарты сағаттық жұмыс негізгі. Нүкте қойдырып беріңіздер дедіңіздер, нүкте қойдырып бердік. Оның алдында Айнур ханым келіп, бір мәселені айтты, оны бір күннің ішінде шешіп бердік.

Төрайым сөз алды: Айнур ханым, егер бір мәселелер туындаса Дина ханыммен бірігіп түзетіңіздер. Болмаса, Техникалық сүйемелдеу және IT қолдау орталығымен. Сіз ол жерге хабарластыңыз ба, жолықтыңыз ба? Файлдың көлемін ұлғайту туралы.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: ия, біз өзара тұрақты байланыстамыз. Бүгін енді мәселе арнайы кешенді түрде болған соң, барлығын баяндап жатыр. Сол үшін талқылауға шығардық.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Соңғы мәселе бойынша, фронтенд әзірлеуші менде жоқ. Фронтенд әзірлеуші ол интерфейске жауап береді. Олардың жалақысы өте жоғары және мен оларды өзіме тарта алмай отырмын. Олар кемінде сегіз жүз мың тг. жалақы алады. Олар интерфейске жауап береді. Түсіне, қолданысына жауап береді. Қазір менде тек әзірлеушілер бар, сондықтан бұл мәселеге жүз пайыз жауап беремін деп айта алмаймын.

Төрайым сөз алды: Бізге сәл платформа паракшасының территориясын кішірейте аласыз ба? Ал дизайны, интерьері түсінікті.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Біз онда былай істейік, ссыламен бағандарды алып тастайық, ішіне кірген кезде көрінетіндей.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Дина ханым, кестелерді алмай-ақ, ортасында қаншалықты орын бос тұр. Соның есебінен, қолданушыларға ыңғайлы етіп, қысуға болмай ма?

Төлегенова Д.М. сөз алды: Жарайды, оны қарастырайық.

Төрайым сөз алды: ия, осы керек емес кестелерді алып тастап жылжытсаңыз, барлығы көрінеді. Және барлық ескертулерді түзетіңіз. Сонымен қатар, Айнур ханым, Жанали Еркінбекович барлық проректорлар мен құрылымдық бөлім басшыларына КРІ платформасының толтырылуына байланысты қызметтік хат дайындаңыздар. Дедлайн қойыңыздар. Ертең документологпен жіберейік. Сонымен, басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Тағы бір байқалған мәселе, осы КРІ жоспардың негізінде КРІ есептері ендірілді. Енді бірқатар адамдардың жылдық орындалу жөнінен салған материалдарын тексеріп көрдік. ОПҚ-ның КРІ жүйесінде бірқатар жалған, алдау нәтижелері болды ғой, сол сияқты бұл жерде де АУП қызметкерлері де негізсіз дәлел материал ендіруді бастапты биыл. Мұндай дәлел құжатты сіздер де платформадан көре аласыздар. Сәйкес келе ме, келмей ме, әйтеуір бір нәрселерді салып қойған. Өте ұят нәрсе. Мен бір-екі жайт деп ойласам, тіпті бөлім басшылар да сондаймен айналысып жатыр. Келесі мәселе, проректорлардың КРІ жоспары бекітілуі туралы былтыр кешігіп жүріп, қайта қайта директорлар кеңесіне шығып, өте ұзаққа созылып кетті. Ал бөлімдердің немесе департаменттердің, немесе орталықтардың КРІ жоспарлары былайша айтқанда, ҚБ басшылары тарапынан назарсыз қалып кетті. Жалпылама жоспар, университет тарапынан бекітілді, бірақ өздерінің тікелей басшылары тарапынан тексерусіз қалып кетті. КРІ бойынша басшылардың қадағалауы аз және қызметкерлер КРІ есептерін өздері де, әр бөлімнің басшыларыда тексеруі тиіс. Қазір жүйеде 400-дей қызметкер бар, оның барлығын, бір адам, екі адам тексеру өте қиын. Оны құрылым басшылары тексеру керек. Мүмкін оған тағы да қосымша он күндей уақыт береміз ау. Яғни барлық құрылым басшылары өздерінің қызметкерлерінің есебін тексеріп шығуы керек. Өйткені, жүйеде шамамен 20-25% жалған дәлел құжат салып қойған.

Төрайым сөз алды: Платформа осылай болу керек. Яғни, сол мамандарға кім жауап береді, сол адам тексеру қажет. Болмаса, сол кісі растаушы болу керек. Және де ережеге сол туралы кіргізіп қою қажет. Академиялық адалдық ережесіне де жалған ақпарат қолданылғандарға жаза қолданылады деп кіргізіп қоюымыз қажет.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Басшылар тарапынан растау деген опция қою керек секілді және қызметкерлерге қосымша тағы да семинар өткізу керек. Менің ойымша, бұған кешігіп қалсақта, түсіндіру жұмыстарын белсенді жалғастыруымыз қажет.

Төрайым сөз алды: Келесі жылға ережеге өзгерістер ендірейік. Оған да болмай жатса шара қолдану қажет.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Шолпан Алтынбековна, менде тағы бір ұсыныс, менің команدامды мен бағалап шығуым керек қой негізі. Солай болу керек шығар. Қазір мен өзім бөлек толтырамын, менің қызметкерлерім бөлек толтырады. Менің процентіммен олардың проценті сәйкес шығу керек емес па? Қазір ол процесс олай жүріп тұрған жоқ.

Төрайым сөз алды: Әр қызметкерлердің өздерінің картасы бар емес пе? 380 карта бар бізде.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Ия әр қызметкердің өз картасы бар. Оның индикаторлары басқа, сіздің индикаторыңыз басқа. ҚБ басшылары өз қызметкерлерінің, дұрыс есеп беріп жатқанын мұқият қадағалап отыруы тиіс.

Төрайым сөз алды: Біз жоспарлаған кезде, сіз басшысыз, ал қызметкерлеріңіз осыншама деп көрсеттік. Толтырған кезде әр қызметкер өзі толтыруы тиіс. Бірақ сіз қарап шығуға тиіссіз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл жерде тағы бір мәселе бар. Әр бөлім басшысына өздерінің қызметкерлерінің бүкіл көрсеткіштері көрініп тұруы тиіс. Бірақ басқа департаменттің, басқа бөлімнің ақпараттары көрінбеуі керек. Өйткені, ақпараттар кетіп

жатыр бір-біріне. Барлығы көрініп тұрады. Басшыға өз қызметкерлерінің есептері көрінуі тиіс. Және бізде отырған жауапты тұлғалар бар, соларға ғана қол жетімді болу керек.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Техникалық тапсырма дайындап берсеңіздер жақсы болатын еді.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Ия, техникалық спецификация беріледі.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Енді менде бір сұрақ, Жанали Еркінбекович, бізде қызметкерлер КРІ толтыруға қаншалықты міндетті,

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Барлығы міндетті.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Қай жерде көрсетілген ? Мысалы, мендегі қызметкерлер осыны сұрайды.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Даму бағдарламасының өзінде бізде жоспарлы іс әрекеттер көрсетілген. Жоспар жасау керек. Қызметкер деңгейіне дейін жоспарлау қажет. Ол қызметкер оны орындауға міндетті. КРІ «БП ережесі бар, бекітілген. Оны орындау міндеттеріңіз.

Төрайым сөз алды: Жанали Еркінбекович, онда былай жасаңыз, барлық лауазымдық нұсқаулықтарда КРІ толтыру міндетті деп көрсету қажет.

Төлегенова Д.М. сөз алды: ия, келісімшартта көрсету керек деп ойлаймын.

Төрайым сөз алды: Келісімшартқа керегі жоқ, лауазымдық нұсқаулықтарды жазылып тұрса жеткілікті.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Меніңше мұндай сұрақ туындамайды деп ойлаймын. Мен КРІ картаны толтыруға міндеттімін бе, мен толтырмаймын деп ешкім айтпайтын шығар. Өйткені, бұл барлығының міндеті. Жұмысты қалай жасаса, жоспарлау және есеп беруді де солай жасауы керек.

Ұлтанбаев А.Б. сөз алды: Шолпан Алтынбековна, жаңа сөз арасында айтылып қалды, келесі жылдары КРІ болатын болса, қызметкер өз КРІ-ларын өздері салмайтын болса, дұрыс негізі. Көрсеткіштер шығып тұрса, олар тек дәлел құжаттарын салса жақсы болатын еді.

Тасуов Б.Т. сөз алды: Менде бір ұсыныс бар. Дина ханым айтып отыр ғой, сервер деп. Сервер негізі сіздерде болу керек қой. Платформа сіздерде емес пе?

Төлегенова Д.М. сөз алды: Толық емес штатта жұмыс істейтіндер бар. Толық емес штат болған соң оларға серверге рұқсат берілмей отыр. Сондықтан бұл проблема бар бізде. Бірақ алдағы уақытта бір сервер алып, жауапты мамандарға рұқсат береміз деген ойдамыз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сіздерде сонда қазір серверге енуге мүлде рұқсат жоқ па?

Төлегенова Д.М. сөз алды: Бізде серверге мүлде доступ жоқ. Біз Техникалық сүйемелдеу және ІТ қолдау орталығына жібереміз, ары қарай өздері тиісті өзгерістерді салып отырады. Ақпараттық қауіпсіздік бойынша толық емес штатта отырғандарға серверге кіруге рұқсат берілмейді. Ол жерде университеттің барлық ақпараттары сақтаулы.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Толық емес штатта отырғандарға берілмесе, ең болмаса сізге берсін рұқсат.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Ол жерде әзірлеуші мен орындаушы бір-бірімен жұмыс жасау қажет. Сондықтан, ол жерде маған рұқсат бере алмайды.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық, Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: bpm.dulaty.kz платформаның жұмысында орын алған қателіктерді қалпына келтіру, техникалық іркілістерді жедел шешу, жүйенің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін Техникалық сүйемелдеу және ІТ қолдау орталығының басшысы А.Жауқашқанов платформа жұмысына жұмылдырылсын. Мерзімі – 10.12.2025ж.

3-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг сапаны қамтамасыз ету бөлімінің маманы Матқурбанова Ж.Д. сөз алды:

Білім алушылар мен ПОҚ құрамына 2025 жылдың қазан-қараша айында сауалнама жүргізілген болатын.

Бірінші, білім алушылардың сауалнамасы барлығы 20 сұрақты құрады.

Университет бойынша жалпы 11552 студент тіркелген. Олардың ішінде 1794 білім алушы сауалнамаға қатысқан. Бұл жалпы контингенттің 15,5% құрайды.

Қатысу үлесінің 15,5% болуы студенттердің сауалнамаға қатысу белсенділігінің орташа деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіш келешекте студенттердің белсенділігін арттыруға бағытталған ақпараттық жұмыс, мотивациялық шаралар және сауалнама қолжетімділігін жақсарту қажеттілігін анықтайды.

Талдау нәтижесі бойынша:

- 57,6% - толық қанағаттанатынын білдірген;
- 21,6% - жартылай қанағаттанамын деген;
- 17,1% - қанағаттанбайтынын көрсеткен;
- 3,7% - сұраққа жауап беруге қиналатынын білдірген.

Қорытынды: бұл жоғары оқу орнының оқу процесін тиімді ұйымдастырғанын көрсеткенімен, қанағаттанбайтын және жартылай қанағаттанатын студенттердің 38,7% болуы оқу үдерісінің сапасын арттыру, сабақ өткізудің әдістерін жетілдіру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Университеттің инклюзивті ортаның дамуын бағалау деңгейі.

Студенттердің басым бөлігі - 59,8% - инклюзивті ортаның даму деңгейіне толық қанағаттанатынын білдірген. Сонымен қатар, 26,5% студент жартылай қанағаттанатынын айтып, инклюзивті инфрақұрылымды жетілдіру, әдістемелік қолдау мен психологиялық сервис сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. 11,8% респондент қанағаттанбайтынын білдірген, бұл бағытта шешімін күтетін мәселелер бар екенін айғақтайды. 1,9% жауап беруге қиналған.

Қорытынды: бұл университеттің қолжетімділік, тең мүмкіндік және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау бағытында белгілі бір жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Алайда, қатысушылардың 38,3% қанағаттанбағанын және жартылай қанағаттанатынын білдірген. Бұл студенттердің инклюзивті орта туралы ұйымдастыру жұмыстары деңгейін күшейту қажет ететіндігін көрсетеді.

Куратордың жұмысын бағалау деңгейі

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі (62,3%) куратордың/тәлімгердің жұмысына толық қанағаттанатынын білдірген. Бұл тәлімгерлік қызметтің жалпы тиімділігін және студенттермен жасалатын жұмыстың дұрыс жолға қойылғанын көрсетеді.

Сонымен бірге, 13,7% респондент жартылай қанағаттанатынын айтып, тәлімгерлік қолдауды күшейту, академиялық және тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру қажеттілігін меңзейді. 21,1% қанағаттанбайтынын көрсеткен, бұл жекелеген кураторлардың жұмысына қатысты мәселелер бар екенін айғақтайды. 2,9% жауап беруге қиналған, бұл студенттердің кураторлық қызмет туралы жеткілікті хабардар еместігін білдіруі мүмкін.

Қорытынды: Жалпы, кураторлық жұмыс оң бағаланғанымен, оның тиімділігін арттыру, студенттермен жеке жұмыс жасау сапасын күшейту және кері байланыс механизмдерін жетілдіру қажет. Студенттердің 45,7% кураторлық жұмысты стандарттау, студентпен жеке байланыс сапасын нығайту, ақпараттық қолдауды күшейту және тәрбиелік жұмыстарды жүйелеу қажеттігін көрсетеді.

Университеттің цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстарына (электрондық кітапхана, онлайн платформалар, интернет, деректер базасы) қолжетімділік деңгейіне қанағаттану.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі университеттің цифрлық инфрақұрылымы мен ақпараттық ресурстарына қолжетімділік деңгейі 60% - ды құрайтынын көрсеткен. Сонымен қатар, студенттердің 35,3% цифрлық сервистердің

тұрақтылығы, техникалық қолдау немесе интернет сапасы бойынша белгілі бір жетілдіруді қажет ететін тұстардың бар екенін көрсетеді, платформаларға кіруге ақаулар, кейбір ресурстардың жеткіліксіздігі немесе деректер базасына қолжетімділік мәселелерін көрсетеді.

Университеттегі физикалық орта (аудитория, зертхана) қолайлылығына қанағаттану деңгейі.

Респонденттердің 58,6% бұл жағдайға толық қанағаттанатынын атап өткенімен, 37% студент кейбір аудиториялар мен зертханаларды жаңғырту, жабдықтарды жаңарту және физикалық орта туралы ақпараттандыруды күшейту қажеттілігін білдіреді.

Медициналық және психологиялық қолдау қызметтеріне қанағаттану деңгейі.

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым бөлігі (66,5%) медициналық (алғашқы медициналық көмек) және психологиялық қолдау қызметтеріне толық қанағаттанатынын білдірген. Алайда, респонденттердің 26,6% мамандарға қолжетімділікті арттыру, кеңес беру сапасын жақсарту және жедел қызмет көрсету механизмдерін күшейту қажеттігін меңзейді.

Жалпы, медициналық және психологиялық қолдау қызметтері оң бағаланғанымен, ақпараттық таныстыруды күшейту, мамандар санын арттыру және жедел қолдау механизмдерін жетілдіру маңызды.

Білімгерлерге көрсетілетін қолдауға қанағаттану деңгейі.

Нәтижелерге сәйкес, студенттердің 61,9% университет әкімшілігі тарапынан көрсетілетін қолдауға толық қанағаттанатынын білдірген. Дегенмен, 29,9% респондент әлеуметтік мәселелерді шешу тетіктері және студентпен тұрақты байланыс сапасын жетілдіру қажеттілігін және студентті қолдау түрлерінің шектеулі болуы немесе ресми қолдау процестердің күрделілігі сияқты мәселелердің бар екеніне назар аударуды қажет етеді.

Қорытындысында, білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану дәрежесі 97 %-ды құрайды.

Профессор-оқытушылар құрамына арналған сауалнамада 20 сұрақты құрайды.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 817 адамды құрайды. Оның ішінде 277 қызметкер сауалнамаға қатысты, бұл жалпы санның шамамен 34% құрайды.

ПОҚ сауалнамасы нәтижелері көрсеткендей, университеттің дамуы тұрақты деңгейде екенін, ұйым ішіндегі корпоративтік мәдениеттің ішінара дұрыс бағытта қалыптасқанын көрсетеді. Солай бола тұра, табысқа тікелей әсер ететін бірқатар процестерді жетілдіру қажет. Олар:

Еңбек жағдайларына және жұмыс орнын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қанағаттану деңгейі

Еңбек жағдайларына және жұмыс орнын материалдық-техникалық қамтамасыз етуге 33,2% толық қанағаттанамын деген, 27,1% жартылай қанағаттанамын деп айта алған, 10,2% қанағаттанбайтынын көрсетсе, 28,9% жауап беруге қиналған.

Қорытынды: респонденттердің басым бөлігі еңбек жағдайларын қанағаттанарлық және ортадан жоғары деңгейде деп бағалағанымен, 39,7% еңбек жағдайын жақсарту, жұмыс орындарын материалдық жағынан күшейту және тиімді қамтамасыз ету шараларын күшейту қажеттігін айқындайды.

Университеттің өмірі мен ішкі процестері туралы ақпараттың қол жетімділігі

Университеттегі бағалау және еңбекақы жүйесіне қатысты қызметкерлердің көзқарасы 38,6% орташа деңгейде бағалаған, 32,5% жоғары деңгейде, 20,6% төмен деп бағаласа, ал 8,3% жауап беруге қиналған.

Университеттің инклюзивті ортасының дамуы (мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау).

Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің 50,2%-ы университеттің инклюзивті ортасын жоғары деңгейде дамыған деп бағалаған, 40,8% қатысушы орташа

деңгейде, ал 3,6% респондент инклюзивті ортасын төмен деп қанағаттанбайтынын көрсетсе, 6,1% жауап беруге қиналғанын көрсеткен.

Қорытынды: университетте инклюзивті ортаның қалыптасуы бойынша оң динамика байқалатынын аңғартады. Дегенмен, тиімділікті арттыру мақсатында педагогикалық қызметкерлердің инклюзивті білім беру құзыреттілігін арттыру қажет және оқу ғимараттарында инфрақұрылымдық қолжетімділікті кеңейту керектігін көрсетеді.

Педагогикалық жүктеменің әділ және тиімді бөлінуі.

48,7%-толықтай әділ және тиімді деп санайды, 29,2% орташа, кейбір тұстары әділ, кейбір тұстары тиімсіз деген, 16,2% мүлдем әділ емес деп санаса, ал 5,8% жауап беруге қиналған.

Қорытынды: педагогикалық жүктеменің әділдігі ортадан жоғары деңгейде бағаланған. Алайда:

- белгілі бір категория қызметкерлері арасында жүктеменің тең бөлінбеуі;
- пәндер мен топтардың үлестірудегі түсініксіздіктің болуы сияқты факторлар жағымсыз пікірлерге әсер етуі ықтимал.

Университетте марапаттау процесі деңгейі.

37,2% респондент марапаттау жүйесін ішінара ашық әрі объективті деп бағалады, бұл процесс белгілі бір деңгейде түсінікті болғанымен, айқындықтың жеткіліксіз екенін көрсетеді. 27,1% толығымен ашық және объективті деп санайды, 20,2% аталған жүйенің ашықтығы мен объективтілігінің төмен екендігін атап көрсетсе, 15,5% марапаттау процесін мүлдем ашық емес және объективтілігі жоқ деп есептеген.

Қорытынды: нәтижелер марапаттау механизмінің белгілі бір деңгейде жұмыс істейтінін көрсеткенімен, 37,7% қызметкерлер арасында толық сенім қалыптаспағанын аңғартады.

Қорытындылары бойынша, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және Дулати университетінің экожүйесіне қанағаттану дәрежесі 79,6, %-ды құрайды.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Қарап отырсаңыздар, сауалнамаға қатысқандардың үлесі 15,5 пайызды құрайды. Оны қаншалықты көтеруге тырысқанымызбен, бұл көрсеткіш төмен күйде қалуда. Деканаттарға, эдвайзерлерге қайта-қайта айтып жатырмыз. Сондықтан, бұл процесті Платонус жүйесі арқылы кіріп, сауалнама жасайтындай етіп қойған дұрыс. Студент платонусқа, сауалнамаға жауап берсе ғана кіретін етіп. Сол кезде қатысу деңгейі 90-95% болады. Өкінішке орай, былтыр осы сұрақты қойған кезде, бізде ондай қолымызда мүмкіндік жоқ деп айтқан академиялық тараптағы бағдарламашылар. Жолы жоқ болса іздеп табу керек. Басқа оқу орындарынан тәжірибе алмассын.. Сөйтіп орталықтандырған түрде платонус арқылы жауап беретіндей етіп қою қажет. Оқытушыларды да, студенттерді де.

Төрайым сөз алды: Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық, Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Әлеуметтік сауалнамада көрсетілген кемшіліктер бойынша тиісті жақсарту шаралары жүргізілсін. Сонымен қатар, студенттердің белсенділігін арттыруға бағытталған ақпараттық жұмыс, мотивациялық шаралар және сауалнама қолжетімділігін жақсарту жұмыстарын жүргізу Жобалық басқару және цифрландыру орталығына жүктелсін. Экожүйеге қанағаттану сауалнамасына қатысу Платонус ақпараттық жүйесі арқылы қамтамасыз етілсін. Жауапты: Шубаев М.К. Мерзімі – 01.01.2026ж.

4.1-ші мәселе бойынша Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д.Д. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға 9бөлімнің ереже құжаттарын ұсынамын. Олар:

1)«Мәңгілік ел» әдеби шығармашыл жастар ұйымының ережесі - Ереже университет студенттерінің әлеуметтік сала қызметтерін реттеу негіздерін белгілейді, әлеуметтік сала қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың

құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

2) Жастар ісі жөніндегі комитеті туралы ереже - Ереже университет студенттерінің әлеуметтік сала қызметтерін реттеу негіздерін белгілейді, әлеуметтік сала қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

3) Студенттер құқықтары жөніндегі омбудсмен ережесі - Осы Ереже университеттің білім алушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында студенттік омбудсмен қызметінің жұмысын реттеу үшін әзірленді. Ереже студенттік омбудсменнің негізгі қызмет бағытын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

4) «Таза сессия» штабы туралы Ереже - білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың тиімді және пәрменді алдын алуға, сондай-ақ университетте кез келген сыбайлас жемқорлықты жою, қабылдамау, университеттің беделіне нұқсан келтіретін көріністерді болдырмау жөнінде моральдық-психологиялық, адамгершілік ахуал құруға бағытталған шаралардың ашықтығын қамтамасыз ету және нығайту үшін М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Бағдарламасын іске асырады.

5) Университетте тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы ереже - Осы Ереже М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын, үйлестірілуін және жетілдірілуін реттейді.

Ереженің мақсаты – университет студенттерінің тұлғалық, азаматтық, рухани-адамгершілік және кәсіби дамуын қамтамасыз ету, тәрбие үрдісін жүйелі жәнсапалы жүргізу, сонымен қатар оқу орнындағы тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру.

6) Куратордың жұмысы туралы ереже - Университетте тәрбие жұмысы бойынша кураторлардың жұмысын ұйымдастыру студенттердің еркін физикалық, салауатты рухани-бай, адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жұмысының бағыттарын дамыту және жетілдіру, сондай-ақ университет тәртібінде оқу, еңбек тәртібін нығайту үшін болып табылады.

7) Кураторлық мектебі туралы ереже - Кураторлық мектебі кураторлардың педагогикалық-психологиялық және әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру мақсатында құрылады. Кураторлардың жоғарғы оқу орнындағы студенттік топтарға тәлімгерлік жасау, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, студенттердің азаматтық рухани-адамгершілік, мәдени және ұлттық құндылықтарға негізделген тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді, топта үйлесімді қарым-қатынас орнатып байланысты күшейтеді, кураторлық жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыру жолдарына бағыт беру және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Кураторлық мектебінің қызметінің тиімділігі куратор студенттерімен байланысты күшейеді және академиялық тобымен ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастырып ұйымдастыру жұмыстары бойынша әдістемелік көмек береді.

8) «Жылдың үздік кураторы» конкурсы туралы ереже - Конкурстың мақсаты - Дулати университетіндегі тәрбие қызметінің тиімділігін арттыру үшін академиялық топ кураторларының жұмысына мотивацияны дамыту.

9) «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ереже - Университетте әлеуметтік жұмыс басқармасы куратордың жұмысын ұйымдастыру студенттің еркін, дені сау, рухани бай, адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін, сондай-ақ университеттегі оқу, еңбек тәртібі мен жалпы тәртібін нығайту үшін тәрбие жұмысының бағыттарын дамыту мен жетілдіруден тұрады.

Төрайым сөз алды: Сұрақтарыңыз бар ма? Менде сұрақ бар. Мынау «Таза сессия» штабын құру туралы ереже деп жатырсызғой. Бұл жерде қандай мәселелер қарастырасыз? Қандай механизмдер бар?

Мамыш Д.Д. сөз алды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негізінде ашылған штабтардың бірі болып табылады. Негізгі бөлігі сессия уақытында студенттердің емтихан процестеріне өз үлестерін қосу мақсаты.

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Мен қосып кетсем бола ма ? Бізде таза сессия деген штаб бар, құрамында он шақты студент бар болатын. Бұрынғы кезде сессияға бақылаушы ретінде кіретін. Ол нәрсе көп жерде жанжалға алып келетін мәселе болғандықтан, бұл жағдайларды сәл реформалап, бүгінгі таңда сессияға байланысты студенттер сессияның әділ өтуіне үндеу жасап, арнайы бейнероликтер түсіреді және әлеуметтік желілерде посттар жариялайды. Іс шара жүзеге асырылып жатыр.

Төрайым сөз алды: Мысалы сіздер оны қалай анықтайсыздар? Таза сессия болып жатыр ма? Таза емес па? Қандай механизм қолданасыздар? Сіздер айтып жатырсыздар, жанжалға келіп жатыр деп, жанжал болмау үшін қандай шаралар қолданасыздар? Мысалы сауалнама жасайсыздар ма? Бұл механизмдерді көріп тұрған жоқпын.

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Бізде, енді ол жерде тікелей механизм дегенде, бұрынғыдай байқаушы болып сессияға кіруді алып тастадық. Ол жерде тек апелляциялық комиссия құрамына ғана 3-4 студент ұсынамыз. Сіз айтып отырған сауалнама бойынша, былтыр гугл формасымен 3 сауалнама алынды, сессияға байланысты. Яғни, сессияға дейін, сессия уақытында және сессиядан кейін.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Арнат мырза дұрыс айтып отыр. Сессия кезінде бақылаушылар арасына бұрын қосылатын еді студенттер. Ол дау-дамай тудыратын. Былтырғы оқу жылының соңындағы комиссия жұмысында осындай зерттеулер жүргізілген. Сессия кезінде бақылаушылардың санының тым көп болуы орын алған. Деканат және офистің қызметкерлері болады, прокторлар бар, мониторинг комиссиясы бар, жаңағы студенттердің өкілдері бар, комплаенс қызметі бар. Видеороликтен қараған кезде, кез келген емтихан алаңында қатысып отырған көп адамдарды көруге болады. Сондықтан, бұл ереженің көп жағдайда профилактикалық шараларға бет бұрғанын айтып отыр, бұл өте дұрыс, әр түрлі алдын-алу жұмыстары, студенттердің емтиханға дайындалу жұмыстары, тағы басқа әр түрлі көрнекілік бақылаулар, талқылаулар жемісін беретін сияқты. Бірақ, бұл жерде қандай таза сессия штабы әдістер қолданылатын туралы кішкене ашыңқырап жазған дұрыс сияқты. Және ашықтық туралы. Бұрынғы таза сессияның нәтижелері бір жерде есеп беріп, талқыландырып шығар, бірақ сайтқа нәтижелері салынған емес. Сонымен қатар, былтырғы жылдың таза сессиясы қандай жұмыс істеді? Нәтижесі қандай болды деген сияқты есептер де көпшілік назарында жоқ. brms.dulaty.kz платформасында соның ішінде көптеген сала бойынша бүкіл мәліметтерді ендіріп, өздерінің парақшаларыңызды жасау керек. Бұл тек таза сессия туралы ғана емес, жаңағы айтып отырған кураторлар мектебі бойынша да, жастар ісі комитеті жөнінде де көптеген ақпараттар толық барлығына қолжетімді емес. Жоспарларыңызды қойып жатырсыздар, бірақ нәтижелер осындай болды деген ақпараттар жоқ. Сайтқа қоюға акцент жасау керек. Жаңа бір платформа жасауға кіріскен дұрыс сияқты.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Бізде арнайы платформа бар, сіздерге қызметтік хатпен де шыққан болатынбыз. Біз биыл он бір сауалнама дайындадық, әр түрлі сала бойынша , сосын комплаенс қызмет бойынша да сауалнама алдық. Жауаптары қызық бізге. Коррупция бойынша 102 жауап келіп түсті. Оның ішінде қайталанғандар бар шығар мүмкін, бірақ 102 адаммен жұмыс істегеннің өзі біраз нәтиже береді деп ойлаймын.

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Осы бойынша да айтып өтейін. Гугл форма деген сауалнама біз өзімізге есеп үшін қажет болған болатын. Біз ол жердегі ақпараттарды тікелей оқытушыны шақыртып алып, сіздің атыңыз 2 рет жазылды, 3 рет жазылды деп айтсақ, бізді сотқа беруі мүмкін. Сондықтан бұл мәселені біріншіден заң жағынан өте қатты қарау керек. Екінші нәрсе, Бауыржан мырзамен бірігіп өткізілген іс шаралар да бар осы мәселе бойынша. Сессия кезінде сенім телефондары қай жаққа хабарласуға болады деген сияқты. Сол бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Чат-боттар дайындап бере аламыз. Чат-боттар анонимді түрде болады. Аты-жөнін жазса немес өздерінің мәселелерін жазса болады.

Төрайым сөз алды: Мен сіздерге ұсынамын – Дина ханым мен Арнат мырза бірігіп жаңағыдай бір платформа жасайсыздар. Мысалы, бізде қазір көп студенттер қай жаққа баратынын білмей жатыр. Қолдарында кәдімгідей каспийдің аударымдары бар. Маған келгендерінің дәлел құжаттары бар. Арнат мырза «Таза сессия» деген соң арнайы механизмдері болу қажет. Жазылмағаннан кейін студенттер қайда бару керек екенін, қандай құқықтары бар екенін ешкім білмейді. Олар бір адамға барады, ол адам жеткізеді ма? Жеткізбей ма, білмейсің. Сол үшін мына ереженің ішіне нақты жазылу қажет. Комплаенс қызметпен бірігіп осы құжатқа толықтырулар енгізу қажет. Штаб қалай жұмыс істейді? Мүшелерін қалай таңдайсыздар, соларды көрсету қажет.

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Біз енді бағана айтып жатқанымыз сол ғой. Бұрынғыдай комиссия құрып оларды қайта-қайта жинап, оларды сессияға жіберудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймын. Біз тек қана алдын алу шараларын жасаймыз. Бағана айтқан сенім телефондарын, тағы басқа міндеттерді Бауыржан мырзамен бөліп алдық. Іс-шара, бейнеролик, әлеуметтік желілер бойынша жұмыс істейміз. Ал механизм бойынша – комплаенс қызмет жұмыс істейді.

Төрайым сөз алды: Онда бұл ереженің мүлдем керегі жоқ деп ойлаймын. Өйткені бұл жерд таза сессия штабының мүшелерін құру туралы деп айтып отыр. Егер ол штабты құрмайтын болсаңыздар бұл ереженің қажеті қандай?

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Бір жағынан біз де оны ойлағанбыз, осы құжатты қайта қабылдамай қоюға. Бірақ қазіргі кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасу керек. Сондықтан, оны жоюдың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бірақ сіз айтқандай өзгерістер енгізейік.

Төрайым сөз алды: Бірақ құжатты комплаенс қызметпен толықтырып түзетіңіздер. Егер осындай құжат бұрын бар болса, сіздер басқа жағынан іс-әрекет жасаңыздар. Болмаса бірігіп бір құжат жасаңыздар.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Шолпан Алтынбековна, менде бір ұсыныс бар. 1-ші курстар, яғни жаңадан оқуға келгендер, соларға ешқандай жолсілтеуші жоқ бізде. Бейімделу құжаты жоқ. Студенттер былай тұрсын жаңадан келген қызметкерлерге бейімделуге байланысты ешқандай құжат жоқ. Осыны, мүмкін Әлеуметтік жұмыс басқармасы дайындау қажет шығар.

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Ол бойынша әр факультетте арнайы кесте бар. Музейлерге экскурсия, корпустарды аралау сияқты.

Төлегенова Д.М. сөз алды: Ал сол күні студент келе алмай қалса ше? Оның қолында бір құжат болу керек қой. Қай жерге барады?

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Бізде бағыттар өте көп. Тікелей тәрбие жұмысы бойынша. Оны жасай алмаймыз.

Төрайым сөз алды: Жақсы, басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Менде бар. Куратордың жұмысы туралы ереже, Кураторлық мектебі туралы ереже, «Жылдың үздік кураторы» конкурсы туралы ереже, «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ереже – осылар бойынша менде екі-үш сұрақ бар. Жылдың және айдың үздік кураторы болғаннан кейін жеңімпаздарға ынталандыруға арналған қаржы бірге жүреді. Және ол конкурстың жеңімпаздарына келесі 2026 жылға бюджетке ұсыныс берілді ме? 2026 жылға бюджетке тапсырыс беріп үлгердіңіздер ме?

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Бұл байқаулар бұрын да болатын, соңғы жылдары болмады. Біз қайтадан жаңғыртып, алғыс хаттарды, тауарлай сыйлықтарды табыстаймыз. Бірақ ақшалай қойған жоқпыз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Ережелердің ішінде ақшалай ынталандыру бар деп жазғансыздар.

Төрайым сөз алды: Біз осы жазда шығарғанда айтқанбыз, кураторлық жұмысқа материалдық ынталандыру болсын деп. Сөйтіп бюджетке салыңыздар деп айтқанбыз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Тағы бір сұрақ, кураторлар мектебі бойынша. Сіздер осы мектеп арқылы кураторларға әртүрлі курстар жүргізеді екенсіздер, сертификат беріледі екен. Жалпы біліктілік арттыру орталығына тапсырыс бердіңіздер ме? Олардың жылдық жоспарына қосылды ма? Қалай сертификат бересіздер, қалай курстар өткізесіздер, егер жоспарда болмаса?

Ултанбаев А.Б. сөз алды: Алдыңғы жылдары 72 сағаттық курстар мұғалімдерге өткізіліп сертификаттар берілді. Биылға жоспарлаған ба, оны анықтап берейін. Және солар бойынша қайтадан қарастырып береміз.

Төрайым сөз алды: Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық, Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

1) «Мәңгілік ел» әдеби шығармашыл жастар ұйымының ережесі, Жастар ісі жөніндегі комитетті туралы ереже, Студенттер құқықтары жөніндегі Омбудсмен ережесі бекітілсін.

2) «Таза сессия» штабы туралы Ереже, Университетте тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы ереже, Куратордың жұмысы туралы ереже, «Жылдың үздік кураторы» конкурсы туралы ереже, «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережелерге тиісті түзетулер енгізіліп, қайта бекітуге ұсынылсын. Мерзімі – қаңтар 2026ж.

4.2-ші мәселе бойынша Мәдениет және өнер кафедрасының кафедра меңгерушісі Кабиева А.К. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға «Дулати жастар» студенттік халық театрының ережесін ұсынып отырмын. Ереже университет студенттерінің театр ұжымының қызметін реттеу негіздерін белгілейді, үйірме қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының пікірсайыс қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды. 2003 жылы наурыз айында М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Дулати жастар» театры құрылды. Студенттік жастар театры – университет, облыс, қала деңгейінде өнерлі студенттердің шығармашылық шеберлігін, сөйлеу мәдениетін, актерлік пен мәдени деңгейін, қабілетін дамыту және де студенттерді қазақстандық патриотизмге бағыттау мақсатында еркін құрылған студенттердің шығармашылық ұйымы. Негізгі мақсаты, біздің университетіміздегі студент жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, біздің ұлттық құндылықтарымызға мән беріп оларды насихаттау, содан кейін мынау драматург жазушылардың шығармаларын тәрбие негізінде спектакль қойып жастарға көрсету. Сонымен қатар, біздің Дулати жастар театры қаншама рет лауреат аталып жатыр. Әр түрлі фестивальдарға қатысып жүлделі орындар алып жатыр. Дулати театрының ең үлкен жеңісі Дулати жастар театрының негізінде қалалық жастар театрын ашуға облыс әкімі өзінің көмегін көрсетіп жатыр. 2025 жылы 25 наурызда қаладан қалалық жастар театры ашылды. Оған өздеріңізде куә болдыңыздар. Енді осы ережені қолдану мерзімі аяқталуына орай, өзіміздің кафедра мәжілісінде қаралды, өзектендіру бойынша. Тек қана жылда студенттер ауысып отырады. Ал бірақ қаржылай университетімізге ешқандай салмақ түсіріп отырған жоқпыз. Өйткені өзіміздің А.Токпанов атындағы қазақ драма театры, сол жерде дуальдық оқытуымыз бар, сол жерде кафедра филиалы бар және қалалық мәдениет басқармасы енді ол қазір жастар театры – солармен өзіміз бірлесе отырып костюм керек болса, декорация керек болса қажетті заттарымызды солармен келісіп алып отырамыз. Қалалық мәдениет басқармасы ол жағынан бізге көмегін беріп отырады.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жалпы бұл ережені қайта бекіту бойынша туындаған мәселе – уақтысына байланысты. Ереженің қолдану уақыты аяқталған болатын. Сондықтан,

кажет болса өзгерістеріңізді енгізіп алыңыздар және қайтадан бекітуге ұсыныңыз деген едік. Сол бойынша кейбір жерлерін түзетіп бердім сіздерге. Басқа мәселе жоқ. Бірақ, кейбір жерлерде «Дулати жастары театры» деп қолданылса, екінші жерде «Дулати жастар» театры деп аталады.

Кабиева А.К. сөз алды: Біз оны жөндедік, «Дулати жастар театры» деп аталады.

Жанкуанышев М.Қ. сөз алды: Неге біздің университетімізден бұл театрға ешқандай көмек көрсетпейді? Біздің университетіміздің талантты студенттеріне не үшін қаржылай көмек көрсетпейді?

Кабиева А.К. сөз алды: Қаржылай көмек болады, егер біз фестивальға шақырту алған кезде.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, сұрақтарыңыз бар ма? Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: «Дулати жастар» студенттік халық театрының ережесі бекітілсін.

4.3-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Юнусова Р.Б. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, 2025-2026 оқу жылында 27 білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуден өтеді. Сондықтан қазіргі таңда НААР агенттігіне хат жолданып, келісім шарт жасалу үстінде. НААР агенттігі мамандандырылған аккредиттеуден өтетін білім беру бағдарламаларын кластерлерге бөліп бізге жолдады.

Қазіргі таңда аккредиттеуден өтетін кафедрларда білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып жатыр. Және есеп дайын болған кезде, агенттіке жолдамастан алдын университет ішінде тексеріп, сараптап шығуымыз қажет. Осыған байланысты, мамандандырылған аккредиттеу бойынша өзін-өзі бағалау есебін тексеру және тексеру жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамын төмендегідей жобада жасадық. Олар:

1. Есимова Шолпан Алтынбекқызы - Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор, комиссия төрағасы.

2. Алимбаева Сауле Курмантайқызы – Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры;

3. Кабдушев Арман Арыстанғалиұлы - Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры;

4. Турарова Айсулу Нурдунқызы - Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

5. Исабекова Гулнур Болатбекқызы - Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, Халықаралық ынтымақтастық орталығының басшысы;

6. Садыбаев Абильхан Килыбайұлы - Технологиялық факультетінің деканы;

7. Ернішев Қайрат Асылбекұлы - Экономика және құқық факультетінің деканы;

8. Тасуов Болат Тасуұлы- Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы;

9. Сейтқасым Айбек Максимұлы - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы м.а.;

10. Нурпеисов Мухаметжан Кенжетаұлы - Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы

11. Дарибаев Жанали Еркимбекұлы - Стратегиялық даму басқармасының басшысы;

12. Иржанова Гульжан Жеңісбекқызы - Кітапханалық-ақпараттандыру орталығының директоры;

13. Жанкуанышев Мәртебе Құттықияұлы- Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы;

14. Беглерова Светлана Темирханқызы - Онлайн оқыту бөлімінің басшысы;

15. Назикова Жанагуль Амирханқызы - «Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті;

Осы тізіммен келіссеңіздер бұйрық шығара ұсыныс жасаймыз. Ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, бұл кластерлерді агенттіктің өзі бөлді. Енді шешім қабылдайық сұрақтарыңыз бар ма? Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Мамандандырылған аккредиттеу бойынша өзін-өзі бағалау есебін тексеру және тексеру жөніндегі жұмыс комиссиясының құрамы бекітілсін.

**Мамандандырылған аккредиттеуден өткізу үшін өзін-өзі бағалау
есебін сараптау-тексеру жұмыс комиссиясы**

№	Аты-жөні	Қызметі	
1.	Есимова Ш.А.	Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор	Комиссия төрағасы
2.	Алимбаева С.К.	Академиялық жұмыс жөніндегі департаментінің директоры	Комиссия мүшесі
3.	Турарова А.Н.	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы	Комиссия мүшесі
4.	Исабекова Г.Б.	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы	Комиссия мүшесі
5.	Тасуов Б.Т.	Жаратылыстану факультетінің деканы	Комиссия мүшесі
6.	Ернишев К.А.	Экономика және құқық факультетінің деканы	Комиссия мүшесі
7.	Садиебаев А.К.	Технологиялық факультетінің деканы	Комиссия мүшесі
8.	Сейткасым А.М.	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы м.а.	Комиссия мүшесі
9.	Дарибаев Ж.Е.	Стратегиялық даму басқармасының басшысы	Комиссия мүшесі
10.	Иржанова Г.Ж.	Кітапханалық-ақпараттық орталығының директоры	Комиссия мүшесі
11.	Шонгараева Ж.Т.	Ғылыми-зерттеу қызметі бөлімінің бастығы	Комиссия мүшесі
12.	Жанкуанышев М.Қ.	Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы	Комиссия мүшесі
13.	Беглерова С.Т.	Онлайн оқыту бөлімінің басшысы	Комиссия мүшесі
14.	Назикова Ж.А.	«Экономика және менеджмент» кафедрасының доценті	Комиссия мүшесі

4.4 -ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға кешенді ішкі аудит бағдарламасының жобасын ұсынып отырмын. Өздеріңіз білетіндей, университетімізде кешенді ішкі аудит жыл сайын өткізіледі. Ішкі аудиттің ашылу жиналысы қаңтар айының 6-сына белгіленді. Негізгі кешенді ішкі аудит 08.01-16.01.2025 ж. аралығында өтеді. Аудиторлар төмендегідей 4 топқа бөлінген.

Барлығының да аудиторлық курстан өткен сертификаттары бар. Құрылымдық бөлімдерден талап ететініміз тексеруге барған аудиторларға жағдай жасау. Ұсыныстарыңыз болса айтсаңыздар. Және паблик қосымшасына тиісті құжаттарды, ішкі аудиттің стандарттарын салып қойдық, танысып шықсаңыздар болады.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, Енді шешім қабылдайық сұрақтарыңыз бар ма? Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Кешенді ішкі аудит бағдарламасы бекітілсін.

4.5 -ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің маманы Маткурбанова Ж.Д. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, Бүгінгі отырыста СМЖ құжаттарының кодтау жүйесіне байланысты, УСТ 02 – 2024 «Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын әзірлеу мен рәсімдеуге және мазмұнына қойылатын талаптар» атты университет стандартына өзгерістер ендіру туралы айтқым келіп отыр. Өздеріңіз білетіндей, қазан айында Ғылыми кеңестің шешімімен СМЖ формаларының кодтау жүйесіне ESG стандартына сәйкес түзетулер мен өзгерістер ендірілсін деген шешім шықты. Осыған байланысты УСТ 02 стандартына да бірқатар өзгерістер енгізу қажет. Бірінші, СМЖ құжаттарының сәйкестендіру белгісінің форматын төмендегідей өзгерту қажет.

СТУ 02 стандартындағы нормативті құжаттардың сәйкестендіру белгісін өзектендіру			
5.2.6 Қалған СМЖ (ҚЕ) құжаттарының сәйкестендіру белгісінің форматы келесідей:			
XX-X-XXXX			
		СМЖ құжаттары бекітілген жылдың төрт саны	
		Цифр/цифрлар – құжаттың тіркеу нөмірі	
		Құжат белгісі әріппен және бір цифр – процесс ретінің номері	

СТУ 02 стандартындағы нормативті құжаттардың сәйкестендіру белгісін жаңарту			
5.2.9 СМЖ формаларын сәйкестендіру белгісінің форматы (Ф)			
X-X-X-XXXX			
		СМЖ құжаттары бекітілген жылдың төрт саны	
		сызықшамен бөлінген цифрлар – құрылымдық бөлімшенің тіркеу нөмірі	
		Құжат белгісі әріппен	
		Құжат белгісі әріппен және бір цифр – ЖОО проректорының тіркеу нөмірі	

Екінші, яғни сонымен қатар СМЖ формаларының сәйкестендіру белгісінің форматын да өзгерту керек.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Университетімізде УСТ-01 және УСТ 02 деген құжат талаптарына қатысты екі стандарт бар. Идентификациялық нөмірлер қалай жазылады, құжатқа қалай сәйкестендіру белгісі қойылады, осылардың барлығы стандартта көрсетілген. Бұрынғы жүйеде сәйкестендіру нөмірлері барлығы проректор бағытына

қатысты бөлінген болатын. Қазіргі кодтау жүйесінде ESG стандарты негізге алынды. Сондықтан осы УСТ 02 стандартының ішіне өзгерістер енгізуіміз қажет. Тым көп өзгеріс емес, стандарттың бір жарым бет көлемінде орын алады. Бұдан басқа 2.5.9 тармақшасы да бар. Ол туралы бұрынғы стандартта көрсетілмеген. Біз осы бапты жаңадан қостық.

Төрайым сөз алды: Комитет мүшелері. Енді шешім қабылдайық, сұрақтарыңыз бар ма? Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «калыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім СМЖ құжаттарында кодтау жүйесінің өзгеруіне байланысты УСТ 02 стандартына тиісті түзетулер енгізілсін. Мерзімі – желтоқсан 2025ж.

Төрайым

/қолы/

Ш.Есимова

/аты-жөні/

Хатшы

/қолы/

Ж.Маткурбанова

/аты-жөні/